

Мұхтар Қожаев



Республикалық “Дарын” сыйлығының алғашқы лауреаттарының бірі, тарих ғылымдарының кандидаты, белгілі археолог, келешегінен өте мол үміт күттіретін замандасымыз, қаламы жүйрік, ойы терең жерлесіміз Мұхтар Қожаевтың ғылым әлеміндегі алатын биік асулары әлі алда деп білеміз.



АРЫСТАНБАБ

ЖӘНЕ

ОНЫҢ КЕСЕНЕСІ

Болат аға!

Наурыз күнін болсын!

21.03.2011

Мамат

КІРІСІ

Мұхтар ҚОЖАЕВ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік және бірлік туралы заңымен бекітілген мемлекеттік тілдеріміздің бірі болып табылатын қазақ тіліндегі әдебиетіміздің тарихы мен мәдениетіміздің дамуына қосқан зор үлесін ескіріп кеткен кітаптарды қайтадан жарыққа шығару мақсатымен бұл кітаптың шығарылуына ықпал етті.

АРЫСТАНБАБ
және
ОНЫҢ КЕСЕНЕСІ

8380-0258-1



“Жібек жолы” баспасы

ШЫМКЕНТ – 1996

“Жібек жолы” кітапханасы
Мұхтар Қожаев, Арыстанбаб және оның кесенесі.
“Жібек жолы” баспа фирмасы.
Шымкент шаһары, 1996 жыл. 48 бет.
Суреттері бар.

Ғылыми редакторы: Гүлжанат БАЙСАРИЕВА,
Отырар музейінің қызметкері.



ISBN 5-8380-0728-1

© Мұхтар ҚОЖАЕВ.

© “Жібек жолы” баспасы

К І Р І С П Е

Кең байтақ қазақ елінде ата-тарихымыздың ұйып қалған өлкелері аз емес. Солардың бірі – қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар ауданы. Осы өңірден ғалымдар іздеп тапқан жүздеген археологиялық ескерткіштердің ішінде көне Отырар қаласының (ертеде ол Фараб, Кангу Тарбан деп те аталған) орны ерекше. Көлемі 200 га. аймақты алып жатқан шаһар үйінділері келіп көрушілерді таң қалдырды. Өкінішке орай, есепсіз жаугершілікті басынан кешірген, талай өртенген, ал XX-ғасырдың 50-60 жылдары қыш алу мақсатында экскаваторлармен қопарылған Отырар байырғы жылнамаларда аталып өткен сымбатты сарайларынан айырылып қалды.

Алайда көне қаланың орталығы болған – Отырар төбеге шығып, айналаға көз жіберген адамға, ең алдымен көк майса алқаптың ортасында үлкенді-кішілі күмбездерімен, бұрыштағы мұнараларымен, жалпы сымбат-бітімімен бағзының көзі екенін байқатып тұрған қоңыр-сарғыш түсті ғимарат ілігеді. Бұл сәулетті құрылыс – Арыстанбаб кесенесі. Ұлы қаланың бір жұрнағы ретінде оны бабалар тарихының ілкі куәсі деп түсінген адам қателеспейді. Күн демей, түн демей әулие қабіріне тәубе етуге күллі Кіндік Азия елдерінен ағылып келіп жатқан зияратшыларды көріп, Арыстанбаб дегеніміз кім, оның мұндай ерекше құрметке бөленуінің себебі неде деген сауал туындайды? Бұл жөнінде Алматыда 1992 жылы басылған “Арыстанбаб” атты кітапшамызда қысқаша қамтыған болатынбыз. Сондықтан қолдарыңыздағы кітапта Арыстанбабтың тарих төрінде алатын орыны, сымбат-бітімі жағынан еш жерде қайталанбайтын кешенді кесене үлгісінің салыну шежіресі, оның Қазақстанның байырғы сәулет өнерімен байла-

нысы, Арыстанбабтың шырақшылары мен олардың қолында көздің қарашығындай сақталып келген бұйымдары хақында әңгіме етілмек.

БАБТАРДЫҢ БАБЫ АРЫСТАНБАБ

Кез-келген тарихи тұлғаны танып-білуде оны тудырған заманы мен өскен ортасын назардан тыс қалдыруға болмайтыны хақ. Арыстанбаб есімі ең алдымен ислам дінімен тығыз байланысты болғандықтан осы діннің түркі халықтары арасында таралу тарихына зейін салғанымыз жөн. Жаңа дінді түркілерге таныту әрекеттері алғаш рет VIII ғасырдан басталады. Мұсылмандық біртіндеп түркілердің қалың орналасқан жері – Сырдың орта бойына да ене бастайды. Фараб, Кенжіде мен Шаш аралығында жақсы жайылымдар бар, онда исламға кірген мыңға жуық түркі әулеттері тұрады”,¹ – деп жазды көшпелі түркілер жайлы X ғасырдың жазбагері ибн Хаукал. Жаңа дін, әсіресе, отырықшы халық ішінде берік орнады. Ислам дінімен қатар ескі сенім-нанымдар да сақталды.

Арыстанбаб өмір сүрген XI ғасыр – ислам дінінің Қазақстанның оңтүстігінде толық орныққан кезі еді. Қарахандықтар мұсылмандықты мемлекеттік дініне айналдырды. Бұл кезде ислам дінін пайда табу, күнкөріс көзіне айналдырғандар көбейе түсті. Бұл жөнінде Қожа Ахмет хикметтерінде былай делінеді:

*Шексіз құлқынын ашып, арамдыққа батқандар,

Молда, муфти болғандар, шипасыз дұға қылғандар,

Ақты қара еткендер, тоқтаусыз барып тұр.
Қазы, иман болғандар, босқа дұға қылғандар”.(54 хикмет).²

*Ишан, шейх, қожа, молда дүние іздейді.
Сол себепті патшаларға жалған шарифат айтады.
Аят, хадис сөзін бұзып, мал алуды көздейді”.(87 хикмет).³

Қоғамда орын алған әділетсіздік пен мансапқорлық, дүниеқұмарлық, зиялы қауым наразылығын туғызды. Осылайша ислам дінін ұстанушылар ішінде сопылық ағым дүниеге келді. Олар имандылықты тек сөз жүзінде айтып, ал іс жүзінде дінді тек пайда табу көзіне айналдырғандарды әшкереледі. Сопылар имандылық деп хақ жолына түсу, адал, әділетті, рахымшыл болу, жетім-жесірлерге қамқорлық жасау, дүние соңына түсе бермей, барға қанағат қылу, жоқшылыққа тезу деп түсінді.

Түркі халықтары ішінен шыққан алғашқы сопы Арыстанбаб болды. Сондықтан әйгілі сопы ақын Сүлеймен Бақырғани:

*Бабтардың бабы Хорасанда,
Сансыз баптар Үндістанда,
Бабалар басы – баба Арыслан”,⁴ – деп жырлаған.

Қазақ бақсылары да:
*Түркістанда түмен баб,
Сіздерден медет тілеймін.
Сайрамдағы сансыз баб,
Отырардағы отыз баб,
Ең үлкені Арыстанбаб,
Сіздерден медет тілеймін”,⁵ – деп әулиелерден демеу сұраған.

Әулие-әнбиелер иерархиясында Арыстанбабтың ең жоғары тұрғанын Алпамыс жырының бір нұсқасында Байбөріге құдай перзент берді, деген қуанышты хабарды жеткізуші Баба Түкті Шашты Өзіз сөзі аңғартып-ақ тұр:

Жам әулие жиналды,
Бастығы болып Арыстанбаб,
Жабыла тілеп жылады,
Жарылқап берді Жаппар Хақ.⁶

Арыстанбабтың өмірі жайлы деректер жоқтың қасы. Шығыстанушылар әдетте оны Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болғанын айтумен шектеледі.⁷ Мысалы, шығыстанушы ғалым, профессор А.Семеновтың пікірінше: "Қожа Ахмет бала кезінде жергілікті түркі шайқы Арыстанбабтың назарына ілігіп, оның рухани тәрбиесінде болады. Арыстанбаб дүние салған соң, Қожа Ахмет Бұқараға барып, сопылық жетілу курсына Жүсіп Хамаданидің қолында аяқтайды".⁸ Сайрам шаһарында дүниеге келген Қожа Ахметтің Иасы қаласына баруы жөнінде француз зерттеушісі Ирене Меликофтың "Ахмет Иасауи және түркілердің халықтық исламы" деген еңбегінде мынадай назар аударарлық мағлұматтарға кезіктік: "Қожа Ахметтің әкесі Ыбрайым Сайрамда белгілі шайқы болған. Ахмет 7 жасында жетім қалады. Сосын оны әпкесі Иасы қаласына алып барады. Сол жақта ол өзінің алғашқы ұстазы – Арыстанбабпен кезігеді".⁹

Арыстанбабтың Қожа Ахмет Иасауиге берген тәлім-тәрбиесі жөнінде ағылшын ғалымы Дж.Тримингэмнің мынадай тұжырымынан байқауға болады: "Ахмет әл-Иасауи барлық түркі сопыларының бабасы. Иасауи дәстүрі таза түркілік бағытта болды. Ол түркі шайқы – Арыстанбаб дүние салғанша соның қолында тәлім-тәрбие алды".¹⁰

Арыстанбаб жайлы ең құнды мағлұматтар Қожа Ахмет хикметтерінде көптеп кездеседі. 90-шы хикмет түгелімен Арыстанбабқа арналған. Онда: "Арыстан бабам айтты", "Арыстан бабам сөздері, есітіңіз – тәбәрік", немесе "Арыстан бабам әңгімесін есітіңіз – тәбәрік", – деп көрсетіп отырған. Бұл хикмет негізінен Арыстанбабтың төл есиеттерінен тұрады. Осы өлең жолдармен танысқан адам Арыстанбабтың нақ өзі келіп, шәкірттерге сопылық жолын үйретіп отырғандай сезінеді. Онда адамдардың кемшіліктері әңгіме етіледі:

"Арыслан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.
Ақыр заманның үмбеттері үйлерін безендіреді.
Әдейі нәпсіге қызығып, әр сәт сайын адамгершілігін бұзады.

Атақ-абырой, даңққа үйір қылар бойларын,
Арыслан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік".¹¹

Міне, Арыстанбаб адамдарды инсаният жолына шақырып, мансап пен байлық үшін жасалатын істерден аулақ жүр, нәпсі құлы болудан бас тарт деп уағыздайды. Арыстанбаб "Кісі малын жейтіндерді", "алдап, айла қылатындарды", "жақсы жолдардан азып, жаман жолға ауысқандарды, иманын, дінін беріп, өлмеймін деп күліскендерді" көріп:

"Иншалла, есіткендерді хақтан тілеп алармын,
Шайтан жолынан алып, хақ жолына салармын.
Медет берсе, Мұстафа күнәларын тілермін", – деп үлкен мақсат қойған.

Сөзі мен ісі бір болған Арыстанбабтың тұрмысы "Химкетте": "жатқан жері кедір-бұдыр, көргені қорлық пен зорлық", – деп сипатталады.

Ал, Қожа Ахмет Арыстанбабтан не үйренді дегенге келсек, бұл сұраққа біршама жауапты "Диуаниден" табамыз. Тәрбиенің мән-жайы мен мазмұны да осы

хикметтерден аңғарылады. Екінші хикметте Арыстан бабам ислам дінін баян қылды деуі. Ахметке мұсылманшылдық негіздерімен кім таныстырғанын көрсетіп-ақ тұр. 90-шы хикметте: “Мың бір зікір үйретіп, мейірбандық жасады”, – дейді. Сопылық қағидаларды бойына сіңірген ұстазын Қожа Ахмет пір тұтып: “Арыстанбабқа құлмын, құлың болар Қожа Ахмет”, – деп табынады жиырма сегізінші хикметте.

Арыстанбаб жайлы мынадай бір аңыз бар: “Мұхаммед 63 жасында дүниеден өтіпті. Дүние саларында халықты жинап: Мен дүниеден қайтып барамын. Кім менің аманатымды алып, ісімді әрі жалғар екен?” деген. Сол кезде топтан 300 жастағы Арыстанбаб (Салмени Фарс) үн қатады. Ол сол кезге шейін отыз үш түрлі дінді білген, бірақ тек исламға ғана мойынсұнған адам. Арыстанбабтың келісімін алған Мұхаммед алламен ақылдасуға аттанады. Оның ризашылығын алған соң аманатын Арыстанбабқа береді. Содан 500 жыл өткен соң далада келе жатқан Арыстанбаб 11 жасар баланы жолықтырады, “Ақсақал, аманатымды беріңіз?” – дейді бала. Сол бала осы Ахмет екен”,¹² – дейді.

Бұл аңыздың тамыры, түп-төркіні сонау ертеде жатқанын “Хикметтегі” мына бір жолдар айғақтап тұрған тәрізді.

“Арыслан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Құрма туралы сөз еттім, маған айбар жасады.

Ей, би әдеп, көдек деп асасын алып қуды.

Айбарынан қорықпадым, маған қарап тұрды.

Арыслан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Аузыңды аш, ей, көдек, аманатыңды берейін.

Мазалысын (дәнін) жұтпадым, аш аузыңды салайын.

Хақ пайғамбардың бұйрығын үмбет болсам,

қылайын.

Арыслан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Аузымды аштым. Салды. Құрманың иісі мас етті.

Екі ғаламнан безіп, аллаһи болдым хақты, жан тәнімен сүйші.

Қожа, молда жиылды, қолдан-қолға тигізбей алып жүрді.

Арыслан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Бабам айтты: “Ей, балам, маған әдеп қылмадың.

Бес жүз жыл ұртымда сақтап едім мен саған.

Дәнін сіз алып, етін (сыртын) маған бердіңіз.¹³

Қожа Ахметтің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидің “Ақыр заман кітабы” деген өлеңдер жинағында да Мұхаммедтің аманаты сөз етіледі:

“Субхан ием өсірді,

Мұстафа (пайғамбарым) бұйырды,

Арыстан бабам жеткізді.

Шайхым Ахмет Яссауи.

Мұстафаның (сәлемдеме) құрмасын

Күтті (ұзақ жыл). Дәнін жеді.

Қағбаның (діни) қоғамын басқарды.

Шайхым Ахмет Яссауи.

Қараса, Қағба (қасындағыдай) көрінген,

(Аяғын) басса, жер (қысқарып) түрілген.

Алланың ілімі үйірілген.

Шайхым Ахмет Яссауи”.¹⁴

Осы аңыздың пайда болу себебін түсіну үшін біз сол кездегі діндарлар арасындағы жағдайға назар аударғанымыз жөн. Қожа Ахмет:

“Түйіні жоқ халыққа айтқан сөзің,

Дүние малын берсе де тоймайды көзің.¹⁵ – деп дін иелерін аяусыз әшкерелеп, шенейді. Осы топ өкілдері таза, адал жолмен жүруші сопыларға барынша қарсы әрекет жасады. Бұл туралы “Хикметте”

былай делінеді:

"Диуана деп басын жарып қанға бояр",¹⁶

"Дұрысын айтқан дәуіршітерге қарсы болар",¹⁷

Осы күресте сопылар Мұхаммедтің айтқандарына арқа сүйеп, өздерін оның жолын, ісін тікелей жалғастырушымыз, жаңғыртушымыз деп есептеді:

"Кәззаптар менің үмметім емес – дейді Мұхаммед,

Жалғаншылар қауымын үмметім – демес Мұхаммед,

Тура жүрген Хақ жолын іздегендерді,
Адал құлдарды үмметім – дейді Мұхаммед".

(Қожа Ахмет Иассауи, 24 хикмет).

"Жалаңаш пен аштарға қанат болған Мұхаммед,

Кемтар үмметке рахым қылған Мұхаммед,

Түндер қатып ұйықтамай тілеуаті қылған Мұхаммед,

Кедей мен жетімге құрмет қылған Мұхаммед".

(25 хикмет).

Қожа Ахметтің Мұхаммед пайғамбардың өзінен Арыстанбаб арқылы аманат алуы оның ислам дінін қалпына келтірудегі іс-әрекетін заңдастырды. Бұл арқылы Қожа Ахмет және оның шәкірттері көпшілік қолдауына ие болды.

Бұл аңыз сол кездегі жалпы халықтың ой-өрісіне лайықталып жасалған болса керек. Және де бұл – сол кездегі зиялылар дәстүріне сай келеді. Әл-Фараби, ибн Сина мен тағы да басқа ғұламалардың өзі еңбектерін өз деңгейлестеріне жеке арнап бір бөлек жазса, ал жалпы халыққа басқашалау, қарапайым түсініктілеу еткені анықталып отыр.¹⁸

Осы арада тағы бір атап өтетін нәрсе – бұл аңыздың кейінгі үлгілерінде Арыстанбабты Салман Парсы деп түсіндірілуінің орын алуы. Жоғарыдағы

"Хикмет" пен Сүлеймен Бақырғанидың "Ақыр заман кітабынан" келтірілген үзінділерде құрманы әкелуші ретінде Салман Парсы тіпті де аталмайды. Расында тарихи деректер бойынша Салман Парсы нижа бойынша 35 не 36 жылы (қазіргі жыл қайыруымыз бойынша 655-657 жылдары дүние салған, оның қабірі Ирактағы Мадаина қаласының маңында)¹⁹ Қабірінің басына тұрғызылған мавзолейі, мешіті бар, зиярат етуге мұсылман-сунниттер көптеп келетін орын. Сондықтан да "Өмір Темір аманаты" атты тарихи шығармада да Салман Парсының нұрлы гүлзарасы (яғни кесенесі – М.Қ.) аталып, оған Маданын (қазіргі Мадаина қаласы) қазынасынан жөндеу өз дәрежесінде күтіліп тұру үшін қаражат (уақыф) белгілегені жөнінде айтылады.²⁰ "Хикмет" бойынша Арыстанбабтың шығу тегі араб ("Арабтардың ұлығы кіршіксіз таза затыңыз", 90-хикметте) та, ал Салман Парсының тегі иран болғаны белгілі. Яғни Арыстанбаб пен Салман Парсы екі-заманда өмір сүрген екі бөлек тарихи тұлға.

Арыстанбабтың сөздері мен Қожа Ахмет өсиеттерін оқыған адам – бұлардың ең алдымен көне заман ескерткіші екенін ойдан шығармауы тиіс. Көп сөздерде астарлы мағына жатыр. Олар сопыларға тән ұғым сөздерді пайдаланып отырған. Қожа Ахметше айтсақ: "Сопылық жолда құпия сөздерді білер, достар". Мысалы, Арыстанбабтың нақыл-өсиеттерінде мынадай жолдарға тап боласыз:

"Ғашықтыққа қадам қойғандар, хақ дидарын көреді".

Мұнда "ғашық" деп отырғаны біздің әдеттегі пайдаланып жүрген сөзіміз емес. Осы сөзбен қиын да, күрделі сопылық жолға түскен адамдарды атаған. Бұл жолдың қиын да күрделілігі адамға берілген пендешілік пен нәпсіден арылып, кемтар мен жетімдерге

қол ұшын беру, әділдік жолына түсу, құдай жаратқан қоршаған әлемді білу арқылы құдайдың күдіретін тану, яғни “хақ дидарын” көру болып табылады. Немесе сол XI-ғасырдың аяғында жазылған “Қабуснама” тілімен айтқанда: ... Алла тағаланың барлығы зайырда, жасырында. Оны жердегі, көктегі бар заттардың қадір-қасиетінен ажырата білу арқылы ақылмен таниды. Алайда алла тағаланың ұлылығы мен қасиетін көрінген затқа теңеуге болмайды. Алла тағаланы танығың келсе, алдымен өзіңді өзің таны. Өз хал-қадіріңнен хабарың болсын. Алдымен әрбір жан өзін-өзі тани білсе, алла тағаланы да таниды”.²¹

Арыстанбаб және оның шәкірттері адамдардың рухани жетілуіне, кемелденуіне жол сілтеді. Әділдік пен имандылық нұрын септі. Ұлы ұстаз болды. Сондықтан да Арыстанбабтың дүние жүзілік мәдениетке үлес қосқан әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи және 1010 жылы жасанды қанат құрастырып, алғаш рет ұшуға әрекет жасаған фарабтық Жауһари сияқты тарихымыздың төрінен орын алатынына күмән жоқ.

АРЫСТАНБАБ КЕСЕНЕСІ

Арыстанбабтың дүние салуы Қожа Ахмет Иасауи хикметінде былайша суреттеледі:

“Бабам айтты: Ей балам, қасымда түр өлейін,
Жаназамды оқып көм, жан тәсілім қылайын.
Медет берсе Мұстафа, ғарыш биігіне шығайын.
Арыслан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.
Жылап айттым: ей бала, жас көдекпін білмеймін.
Көріңізді қазармын, көтеріп сала алмаспын.

- 12 -

Хақ Мұстафа сүндетін, балапанмын, білмеймін.
Бабам айтты: Ей балам, періштелер жиылады.
Жебірейіл имам болып, өзгелер оған ұйиды.
Макаил мен Исрафил көтеріп көрге қояды”.²²

Отырар өңірінде біз естіген аңыз бойынша Арыстанбаб дүние салған соң, оның денесін ақ бураға артып, еркіне жіберіп, соңынан ілесіп отырған. Ақ бура жүре-жүре осы жерге шөккен екен. Сол шөккен жерге Арыстанбаб қойылыпты.

Арыстанбаб ескерткіші деп аталатын мазарлар басқа аймақтарда да бар. Солардың бірі – Қырғызстандағы Ош өңірінде. Бірақ қырғыздардың діни нанымдарын зерттеген ғалым С.М.Абрамзонның пікірінше, жергілікті халық бұл жерде жерленген Арыстанбабты қалмақтарға қарсы соғысқан батыр деп таниды.²³ Яғни Оштағы Арыстанбаб ХVII-ХVIII ғасырларда болған адам.

Арыстанбабпен аттас адамдар әр кезде, әр өлкеде болуы мүмкін. Шатаспау үшін Қожа Ахметтің ұстазы жөніндегі деректерде Оңтүстік Қазақстанның мекенжайларының аталатынын ескергеніміз жөн. Жоғарыда Ө.Диваев жазып алған бақсылар өлеңінде де Түркістан, Сайрам, Отырар көрсетілген.

“Алпамыс жырының” бір үлгісінде Байбөрі мен Аналық “Самарқанда сансыз баб”, Бұқарадағы “Баһауэдин Нақишбент” молаларына зиярат қылады, және

“Түнейді үш күн Байбөрі

Өзіретті Сұлтанға.

Түркістанда Түмен бап,

Сайрамда бар сансыз бап,

Отырарда отыз бап.

Бабалардың бабын сұрасаң,

Ең үлкені – Арыстан бап.

Әулие қоймай қыдырып,

- 13 -

Бабалардың бәрін қылды сап".²⁴

Арыстанбаб қабірінің басына тұрғызылған ғимарат алғаш ғылыми әдебиетте 1898 ж.ж. И.Т.Пославскийдің "Развалины города Отрара" атты мақаласында аталады.²⁵ 1903 жылы кесене түркістандық археология әуесқойлар үйірмесінің мүшесі А.Черкасовтың Отырар төбені көріп қайтқаны жөніндегі есебінде аталып өтіледі. Оның суреттеуінде Арыстанбаб кесенесі күмбезді екі бөлмеден, ұстынды бастырмадан тұрған екен. А.Черкасовты түкпір бөлмедегі Арыстанбабтың қабірі таң қалдырады: "Надгробие Арыстан-Баба таковой же формы, как и остальные, покрыто куском белого коленкора и поражает своими размерами, длина его около 2-х сажень. Такого роста, по словам шейха, достигал и сам святой..."²⁶ (сажень – 2 м. 13 см болған). А.Черкасовтың деректері кейінірек орыс-француз тілдерінде жарық көрген. И.А.Кастаньенің "Древности Киргизской степи и Оренбургского края" деген еңбегінде де қайталанатын.

Көп үзілістен кейін Арыстанбаб кесенесі жөніндегі ғылыми сипаттама 1950 ж. В.В.Константинованың "Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р.Сырдарьи" деген мақаласында жарияланды.²⁷ Онда алғаш рет Арыстанбаб ғимаратының жоспары басылып байырғы және кейіннен қосылған бөлмелері суреттелді, оның кейбір құрылыс тәсілдері мен нақыштарының Баба-ата медресесіне келетіні әңгіме етілді. Алайда кіре-беріс маңдайшасындағы мұсылманша көрсетілген соңғы өңдеу мерзімі қазіргі жыл қайыруымызға дұрыс аударылмады. Шын мәнінде "санат 1327", қазіргі жыл санауымыз бойынша В.В.Константинова көрсеткен 1907 жыл емес, 1909 жыл болады.

Арыстанбаб кесенесіндегі ұстындар өзінің көнелігімен сонау А.Черкасов мақаласынан бастап

зерттеушілер назарына іліккен еді. Бірақ оны ғылыми айналымға енгізген москвалық профессор В.Л.Воронина болды. Ол осы ұстындар жайлы жеке мақала жазып, әрқайсысының бет-пішімі мен ою-өрнегінің сызбасын берді, Орта Азия мен Қазақстанның көне ұстындарымен салыстыра отыра Арыстанбабтағы тіреулердің ерекшеліктерін әңгіме етті.²⁸

1987 жылы "Білім және еңбекте" М.Сембиннің кесене жайлы мақаласы жарияланды. Онда бұрынғы зерттеулер барысын қорыта келе Арыстанбаб ұстындарындағы ою-өрнектердің Орталық Қазақстандағы Аяқ-Қамыр мавзолейінің нақыштарына келетініне назар аударған.²⁹ Соңғы уақытта Арыстанбаб кесенесі жайлы Ю.Елгиннің,³⁰ М.Қожаевтың³¹ зерттеулері жарияланды.

Арыстанбаб кесенесі ғасырлар бойы түрлі өңдеу-жөндеуді басынан кешірген құрылыс. Кейде Арыстанбабтың XI-XII ғасырларда өмір сүргенін тілге тиек ете отырып, оның кесенесі Арыстанбаб дүние салған соң іле-шала тұрғызылған деген жорамал айтылады. Алайда бізге жеткен қазіргі кесенеде XII ғасырдың белгілері жоқ. Бұл арада біз ислам дінінің алғашқы кезде қабыр үстіне төбесі жабық құрылыс тұрғызуға тыйым салғанын есте ұстағанымыз жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, XII ғасырда Арыстанбаб ғимаратының болмауы да мүмкін. А.Черкасовтың жазбаларында Арыстанбаб кесенесі әулие және шәкірттері жатқан екі бөлмеден, сондай-ақ алдындағы бастырмадан тұрғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұлардың жобасы XIV ғасырдың құрылысына сай келеді. Осымен қатар бастырмадағы ұстындар да XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында жасалған деген тұжырымды мамандар айтқан болатын.

Яғни қазіргі Арыстанбаб құрылыс кешеніндегі

қабырханалар бөлігі ең көнесі, әуелгісі болып табылады. Бұған қоса халық арасында кең тараған мынадай аңыз бар: "Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні алып жасыл өгіз көтерілген дуалдарды мүйізімен соғып, құлатады. Ғимарат қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда бұл оқиға тағы да қайталанып, бәрі үйілген төбеге айналады. Бұл жай Өмір Темірді көп ойландырады. Түсінде бір шал келіп, аян береді, ол Қожа Ахметтің ең алғашқы ұстазы, Арыстанбаб моласының үстіне мазар көтеруге әмір ететінін жеткізеді. Бұл талап орындалған соң ғана Өмір Темір Түркістандағы құрылысын ойдағыдай аяқтайды".^{32*}

Арыстанбаб қабірханасының едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Тігінен көтерілген қабырғалары бір биіктікте сәулет өнерінде "желкен" деп аталатын өріммен иіліп барып күмбезге ұласады. Күмбез ауқымы кең, нәм биік етіп тұрғызылған. Қабырхананың есігі күнбатысқа, дәлірек айтсақ, Меккеге бағышталған. Бұл қасиетті қабірлерге тағзым етудің мұсылмандық ережелерінен туындайды: зиярат етушінің беті сағанаға, арқасы құбылаға қарауға тиіс болған. Бөлменің қақ ортасында Арыстанбабтың қабірі орналасқан. Оның ұзындығы 3 м. 90 см., ені 1 м. 30 см., биіктігі 1 м. 20 см. Қабаттас, көлемі 5,4м x 5,4м. бөлмеде үш қабір бар. Ол да биік күмбезбен жабылған. Алайда күмбездің іші алебастрмен сыланып, геометриялық үлгідегі өрнектермен нақышталған. Әулиеге кірер есіктің екі жағында екі қабір орналасқан. Шырақшылар бұларды Лашынбаб пен Қарғабаб дейді. Олар әулие қабірімен салыстырғанда аса шағын болып келген. Лашын баб қабырының көлемі 1,63м x 0,92 м., Қарғабабтікі 1,70м x 0,90м. Бұларды кейде Арыстанбабтың шәкірті болған деп таныстырады. Алайда

олардың өмірі мен дін жолындағы қызметі жайлы ешқандай әңгіме айтылмайды. Өзірет Сұлтан қорық-музейінің қорында сақтаулы тұрған Баян ауылдан келген бір зияратшының қолжазбасында мынадай қызық мағлұмат бар: Арыстанбаб дүние салған соң, оның моласының басына екі құс – бірі лашын, бірі қарға ұшып келеді.^{33*} Бұл әңгіме бізді ежелгі түркі шаманизміне жетелейді. Көне түркілер бұл аталған құстарды киелі деп санаған. Мысалы, ескі жылнамаларда жазылған аңыз бойынша көне түркілердің Ашина тайпасын жау шауып, жаппай қырып кетеді. Сонда жалғыз бала ғана аман қалады. Баланы қасқыр емізіп, аспан әлемінің елшісі – қарға ет әкеліп асыраған.^{34*} Осы баладан түркілердің ұрпағы тараған екен деседі.

Қазақтардың қарғаны киелі құс санағаны жөнінде деректер аз емес. Қарға сөзімен байланысты мынадай мақал-мәтелдер бар: "Біздің де қолымызға қарға тышар", "Қарға тамырлы қазақ", "Қарғам-ау" деген сөз қарағым, қалқам деген мағынада қолданылады. "Қарғам, қарғашым, қарғатайым" деп қарттар немере-шөберелерін еркелеткен. Қанша балаң бар деп сұрағанда, әдетте бірнеше қарғам бар деп жауап қайтарған.

Якут шамандарының ең қуатты пірі де қарға болған. Байырғы түркі тайпаларының киелі құстары қатарында лашын да бар. Яғни Арыстанбаб қабіріне лашын мен қарғаның келуі жөніндегі әңгіме және олардың қабірлерінің болуы көне түркі шаманизмімен тығыз байланысты. Бұл – Иасауи іліміндегі ислам мен түркілердің ертедегі сенім-нанымдарының қабысуының ертеректе, Арыстанбаб заманынан басталғанының куәсі болса керек.

Осы қабырханаларға оңтүстік-батыс жақтан бірнеше бөлмелер қосылған. Екі қанаттағы бөлме-

лерді біріктіріп, байланыстырып тұрған дәліз-бастырма бар. Ол әдеттегі бастырма-айвандардан өзгеше, тұтасымен қыштан өріліп, төбесі иіліп жабылған. Оның көлемі 7,60м x 4,35м.

Қабырханалар, дәліз қышпен қаланып күмбезделсе, мешіт бөлігі негізінен қам кесектен тұрғызылып, төбесін жабуда ағаш кең пайдаланылған. Мешіттің ортасында В.В.Константинова жасаған жоба бойынша алты ағаш тіреу болған. Олардың үстіне қары қойылып, ағаштан қырлы күмбез қиыстырылған. Мешіт қабырғасында Мекке бағытын көрсететін ойық-михраб бар.

XX ғасырдың басында жүргізілген қайта құру жұмыстарынан кейін бұрын сыртта тұрған көне ұстындар мешіт ішіне қойылған. Бұл көне тіреулердің табаны сегіз қырлы, орта белінен бастап жоғары қарай кеңейе түскен. Жалпы биіктігі бірінші тіреудің 3,49м., екіншісі одан 1,5 см. қысқа. Олардың бас жағы, мойны жұлдызша, торкөз тәрізді өрнектермен безендірілген. В.Л. Воронинаның пікірінше дәл мұндай пішінді, қатаң геометриялық тәртіптегі ұстындар Қазақстанның, не Орта Азияның бірде-бір ескерткішінде кездеспейді. Атыжөні белгісіз Отырар шеберінің қолымен сомдалған бұл ұстындар 6 ғасырдың куәсі. Бұған қатысты аңыздар да ертедегі ұғым-түсініктерден хабардар етеді. Аңыз бойынша бұл тіреулер өсіп діңгектеп кеткен мақтаның қозапаясынан жасалыныпты. Ортағасырда "мақта ағашынан" жасалған ұстындардың емдік қасиеті бар деп есептелінген. XIV-XV ғасырдың тарихшысы ибн Арабшахтың жазуы бойынша осындай ұстын Самарқан төңірегіндегі бір мешітте болған екен. "Говорят что она из "хлопчатого дерева", которому приписывают чудесное, исключительное и редкое свойство, что будто даже крохотный кусочек этого дерева, прило-

женный к воспаленному зубу, излечивает его моментально прекращая боль что сам я испытал и удостоверяю".^{35*} – деп жазады ибн Арабшах.

Арыстанбаб кесенесі – көне рух, сенім-наным, байырғы тарих пен ежелгі өнер түйіскен жәдігер.

Бір қызығы бұл ғимарат сай жерде орналасқанына қарамастан, қай нүктеден болмасын, тіпті таяудағы Құйрық төбеден қарасаң да, еңсесі биік, алып болып көрінеді. Сонымен қатар Арыстанбаб кесенесіне қай қырынан қарасаң да бірін-бірі қайталамайтын пошымына таңданбасқа болмайды. Күн шығысынан қарағанда үлкенді-кішілі күмбездермен ерекшеленсе, ал қас беті тұтып қойған кілем тәріздес. Ол азанда, түсте және күн батарда күн сәулесінің түсуіне қарай өзгеріп, құбылып тұрады.

Сәулетші Түркістандағы Өзірет Сұлтанның кесенесіне құсатып, екі шетіне мұнаралар қойып, кіреберіс есік жағынан төбесін үштіктеу етіп айван-бастырма жасаған. Бұл – Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің қас бетін айнытпай қайталау емес, бұны біз қазақ ақындарының кең қолданған назиралық дәстүріне ұқсатамыз. Арыстанбаб кесенесінің XX ғасырдың басында өндеп, қайта салушы Өзірет Сұлтан сәулетшісі жолымен жүре отырып, өздігінше ізденіп, жаңа өнер туындысын дүниеге әкелген. "Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау, немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті...", – деген М.Әуезов сөздері Арыстанбаб сәулетшісіне толығымен тән.

Көне кесенеге тың өзгерістер енгізіп, бұрын бас есігі Меккеге қараса ғимараттың қас бетін енді Түркістандағы Өзірет Сұлтанға қаратқан сәулетші хақында біз не білеміз.

М.Сембин Арыстанбаб туралы мақаласында О.Дастановтың "Әулиелі жерлер туралы шындық" атты кітабындағы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып,

Арыстанбаб кесенесінің сәулетшісі ташкенттік Ескендір қажы болған деген болатын. Алайда бұл пікірді өзгертуге негіз табылып отыр. Жоғарыда біз көрсеткеніміздей кесенеге кіре-берісте, маңдайшадағы мәрмәр тақтада арабша: "Санат 1327" деген жазудың бар екенін атап өткен едік. Осымен қатар мешітке сырттан кіретін есік үстінде қыш тақтайшалардың бетінде тағы бір көңіл бөлінбей, танылмай келген жазу бар. Біздің өтінішіміз бойынша Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қызметкері С.Ергөбеков бұл жазуды оқып берген болатын. Қыш бетінде араб әрпімен бес қатар жазу төмендегідей ретпен берілген:

1327

Ұста

Қалмырза

бен Мүсәпір

Түркістани

Осы жерде атап өтетін бір жәйт 1992 ж. жарияланған "Арыстанбаб" атты кітапшамызда "бен" сөзі басылу барысында "мен" болып өзгеріп кеткен, "бен" сөзі Қалмырзаның Мүсәпір ұлы екенін көрсетеді. Мұсылман есімдерінде "бен", "ибн" сияқты сөз тіркестері баласы, ұлы деген мағынада пайдаланылған.

Бұл жазу аса құнды дерек болып табылады. Біріншіден бұл осы құрылыстың ұстасының кім болғанын айғақтап отыр. Біз енді Арыстанбаб кесенесінің кейінгі жөндеушілерінің ішінде Ескендір қажымен қатар Қалмырза бен Мүсәпір Түркістанидің де болғанын атап өте аламыз. Осы екі құрылысшының қайсысы басшы болғаны және Ескендір қажы есімінің қыш бетіне неліктен түспей қалғаны бізге беймәлім.

Екіншіден, шебердің аты-жөні мен туған жері көрсетілген ғимараттардың Қазақстанда саусақпен санарлық екенін ескерсек, онда Арыстанбаб кесе-

несіндегі жазу сәулет өнері тарихын тануда баға жетпес дерек болып табылады. Нақ осы жазу Қазақстанның оңтүстігіндегі XIX-XX ғасырдың басында тұрғызылған мешіт пен медреселерді тек сырттан келген сәулетшілер ғана жасаған деген біржақты пікірді жоққа шығарады. Сонымен қатар жазу негізінде Арыстанбаб ғимараты жергілікті шебердің қолтумасы ретінде қабылданып, басқа да ескерткіштерді танып білуге жол ашады. Мысалы, Арыстанбаб пен Бабаатадағы медресе арасындағы ортақ белгілері негізінде Қаратаудың арғы бетіндегі құрылыстарға Қалмырза ұстаның қысы мүмкін деп болжауымызға болады. Сол секілді Арыстанбаб кесенесінің алдыңғы жағын Өзірет Сұлтан ғимаратына ұқсатып жасау әдісі Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі ескерткіштерде де қайталанады. Мысалы, Созақ мешіті, Бабаатадағы зәулім мавзолей-мешіт. Соңғы құрылыстың жалпы пішіні де, жоба-жоспары да Қожа Ахмет кесенесінің көшірмесі десек те болады. Бұл тек Оңтүстік Қазақстан ескерткіштеріне ғана тән белгілер. Осыларға сүйене отырып, бізде өзіндік келбеті бар жергілікті сәулетшілер мектебі болған деп айтуымызға толық негіз бар. Арыстанбаб ескерткішінің қасбетіндегі қышты нақыштап қалау әдісі XX ғасырдың басында Қазақстанда салынған теміржол бойындағы арнайы ғимараттарға ұқсайтынын байқау қиын емес. Теміржол станцияларын, вокзалдарын салуға жергілікті ұсталар атсалысқан. Сондықтан, айталық, мысалға Түркістан вокзалының жалпы архитектурасында, нақыштау тәсілдерінде шығыстық үлгі басым. Жергілікті шеберлер осындай ғимараттарды салуда көріп білген еуропалық үлгілерді де орынды пайдалана алған.

Түркістан XIX ғасырдың өзінде сәулет өнерінің орталығы болғанын куәлайтын тағы бір деректі келтіре кеткенімізді жөн көрдік:

*Бағаналы елі ортасында тұрған Алаша һәм Жошы хандардың тамын көріп, атақ үшін байлары сондай там салдыруға кіріскен. Осы күні Бағаналыда қызыл кірпіштен салдырған 200-ден артық там бар. Мысал үшін, солардың біразын жазып кетейік.

Дүзен қыстауы қасында баяғы Алаша ханның тамы тұр. Сырлы тамды көріп, осындай там салып беретін адам болса, дүниенің малын берер едім деп, Жаналы Сандыбай немересі әкесі Дүзгенге там салдыруға жұртқа жар шашыпты. Елде бір пысық Сералы дейтін қожа мен Абзи ноғай екеуі мен салам, мен саламмен таласып келіпті. Там салу зады қожа еді ғой деп Сералыға тапсырылыпты. Сералы қожа қырық жігітпен бір жүз мың кірпіш құйып, күз жаңбырда кірпіші ағып кетіп, шығынға шыққан 72 жылқы далаға кетіпті. Жаналы мырза әйтеуір салдырмай қоймаймын деп, 22 қос ат мінгізіп, жанына 10 жігіт қосып, қожаны Түркістан жібереді. Сералы қыстай Түркістанда кірпіш құйдырып, оны қалауды үйреніп, жаз қайтып келіп, 60 жігіт жалдап, 1863 жылы тамды сала бастап, 1866 жылы салып бітірген...»³⁷ Яғни, осыған қарағанда Түркістан сәулетшілерінің өнері Қазақстанның басқа аймақтарына да әйгілі болып, үлгі тұтылған.

Сонымен Арыстанбаб ғимараты төл өнеріміздің туындысы. Ол бойына ортағасырлық және XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы сәулеткерлікті тамаша ұштастырған ғажап шежірелі кесене.

ШЫРАҚШЫ ААА

Арыстанбаб кесенесін сөз еткенде оның ажырамас бөлігіне айналған шырақшыларды және олардың қолында сақталып келген бұйымдарды әңгіме етпеу мүмкін емес.

Алыстан шаршап-шалдығып жеткен зияратшыға ниет қабыл болсын деп қарсы алып, хал-жайына ортақтасып, демеу жасайтын адамдар қажет еді. Бұған қоса әулие жерді күтіп, құлағанын жөндеп-жамап, қорып отыру да керек. Осы міндеттердің бәрін шырақшылар атқарған. Ал, шырақшылықты атадан балаға мирас еткен әулет өкілдері кесенеге қатысты аңыз-әңгімелерді көптеп білген. Тарихи орынды зерттеп тануда бұл аса қажетті мағлұмат болып табылады. Әрине, олар да сын елегінен өткізіліп, басқа тарихи деректермен салыстырылуы тиіс.

Арыстанбаб кесенесінде шырақшылардың болғанын И.Т.Пославскийдің 1898 ж. жарияланған "Развалины города Отрара" деген мақаласынан аңғару қиын емес. Онда Арыстанбаб күмбезінің қасында мешіт және суы тұщы құдығы бар, бұл арада әулие жерді күтушілер отбасымен бірге тұрады делінген. Ал, 1909 жылғы А.Черкасовтың "Поездка на развалины Отрара" атты мақаласында Арыстанбаб шырақшысының есімі аталады: Нар-Магомед Азиз-Арсланбаев. Ол орыс зерттеушісіне Арыстанбабтың Қожа Ахметке құрма әкелгені жөніндегі аңызды және ұстын-тіреулердің "мақта ағашынан" жасалғанын әңгімелеп береді.

1904 жылғы А.Кларенің "Древний Отрар и раскопки, произведенные в развалинах его в 1904 году" мақаласында Нарымбет шырақшының есімі аталып,

ол туралы дерек келтіріледі. Отырар тарихы үшін бұл аса құнды мағлұмат болғандықтан оны тұтас келтіре кеткенді жөн көрдік: "По словам шейха Мазара Арслан-баба /в 2-х верстах от развалин Отрарской цитадели/ Нар-Мухаммед-Азис-Арсланбаев, в г. Туркестане хранится у одного из Отрар-ходжи старинная книга, в которой описана вся история Отрара со смерти Тамерлана до нынешних времен, но достать список с этой книги и ознакомиться содержанием нам не удалось. ^{38/}"

Міне, осы жолдардан Нарымбет шырақшының көзі ашық, көне тарихтан хабардар адам екенін байқауымызға болады. Әрине, бұл кітап табылса, Отырар тарихының көптеген беймәлім беттеріне қанығар едік. Осы кітаптың болғаны жөнінде Нарымбет шырақшының немересі, қазіргі Шәуілдір тұрғыны Нарымбетов Мамасадық да растайды. Бұл кітапты ол әкесі – Бабахан қарының қолында көргенмін дейді.

Нарымбет шырақшы /оны Нарымбет Өздер деп те атаған/ Отырар төбені алғаш зерттеп, археологиялық қазба жүргізген А.Черкасов пен А.Клареге Отырар төбеден табылған заттарды берген. Ол жөнінде бұл ғалымдар мақала соңында көрсетеді:

"Предметы, пожертвованные Нармухаммедом – Азизляр–Арсланбабаевым, найденные им в разное время в Отыраре:

71. Медный предмет неизвестного назначения - 1.

72. Серебряных монет - 3.

73. Медные монеты - 3.

Алайда осы әулеттен Арыстанбабта алғашқы шырақшы болған Нарымбеттің әкесі Шерімбет Өздер екен. Ол Арыстанбаб кесенесінде Лашынбаб пен Қарғабабтың қасындағы үшінші қабірде жерленген.

Нарымбет Өздермен сырлас болған, жұрт батагөй Жұмабай деп атап кеткен бір қарияның әңгімесі бойынша /мұны "Оңтүстік Қазақстан" газетінің 1991 жылғы 19 желтоқсандағы №200-201 санында Ш.Шорабеков жариялады/. Түркістан шаһарында ғұмыр кешкен Шерімбет Өздер Арыстанбаб әулиенің басына орнатылған күмбездің түбі құзданып, құлауға айналғанынан хабардар болып, оны қалпына келтіру ниетімен бабтың қасына келеді. Бұл шамамен ХІХ-ғасырдың аяғы болуы тиіс, себебі 1898 жылы И.Т.Пославскийдің мақаласында Арыстанбаб кесенесінің қараушыларының болғаны аталып кеткен.

Шерімбет Өздер сол қоныстанған елдің ақсақалдарын, ауыл ағаларын, молда мен билерін жинап, тозған көне мазарды қайта жөндеуге шақырады. Оның бұл ұсынысын көпшілік қолдайды. Кесененің сол кездегі халін көпшіліктің ұсынысына қарсы шыққан бір адамның сөзі аңғартады. Ол: "бұл бұзылып қалған айдаладағы мазардың орнынан қандай шарапат таппақсындар, бұларың бос әурешілік, – депті. Халықтан қаржы жиналып қалғанда Шерімбет Өздер дүниеден өтіпті. Құрылыс салу жұмысы оның баласы Нарымбет Өздердің еншісіне тиген екен ³⁹"

Бұл әңгімені О.Достановтың кітабында келтірілген Бабахан қарының сөзі растайды:

– Менің бабаларымнан есітіп, өз көзіммен көргенім, – дейді Бабахан, – Арыстанбабтың бұрынғы сағанасы күтімнің жоқтығынан құлап бітуге айналған еді. Оны тек Байшекей, Шешекей деген осы төңірекке аты әйгілі баукеспе екі ұры мекендейтін. Сондықтан оны ұрылардың ұясы деп, маңына ешкім жуымайтын. Егер оған білмей барып қалғандар болса тоналып, қайтатын, я өздері де жоғалатын. Өзірет Сұлтанның шырақшысы болғандықтан, бұл жағдай біздің атамыз-

ды қатты ойландырды. 40*

Бабахан қарының соңғы сөздеріне зейін қояйық. Онда Шерімбет Өздердің Сұлтанда шырақшы болғандығы айтылады. Шерімбет пен Нарымбетке қосылып айтылатын "Өздер" сөзі, ал орыс деректерінде "Азиз", немесе "Азис" деген сөздердің түбірі бір. Бұл сөзбен Өзірет Сұлтан кесенесінде белгілі бір қызмет атқарған адамдарды атаған. Акамедик В.А.Гордлевскийдің "Ходжа Ахмет Ясави" атты зерттеуіне сүйенсек, мынадай мағлұматқа кезігіміз: "В городе Туркестане находились три должностных лица – наследники Хаджи Ахмеда, потомки его дочери Хушназ: азлер, нақыб и шейхульислам. Азлер ведал зикром; нақыб – это, так сказать, староста-интендант; шейхульислам, очевидно воплащал религиозный закон-шариат, т.е. следил чтобы в святылище строго выполнялись веления мусульманской религий. Их иерархическое положение было точно регламентировано; так во время пятничного зикра /после молитвы/ азлер неизменно находился в зикрхане; шейхульислам сидел в макпиле, где справо от него находился нақыб. 41"

Шерімбет Өзірет Сұлтанда ертеден зікір жағынан басшылық ететін өздер тобының өкілі болған. Оны қоштайтын тағы бір айғақ бар. Ол – Нарымбетов Мамасадықтың қолындағы бабаларынан қалған ескі мәр.

Мәр ағаштан ойылып жасалған, жалпы пошымы дөңгелекше, бетінің диаметрі 11,5 см.

Өбден қарайған, кей жерлері жарылған ағаш мәрді қолға ұстаушы ең алдымен қас бетіндегі гүл тәріздес өрнекке, арабша жазуларға назар аударады. Жазуды алғаш музейдің бұрынғы арабтанушы қызметкері С.Ергөбеков көріп мәр арасындағы әріптер өрнегінен Қожа Ахмет Иасауи есімін оқыды. Қалған жазулар-

ды ажырату үшін Ахмет Иасауи сағанасының тайқазаны мен шырағдандар жазуын оқып арнайы мақалалар жазған, Эрмитаждың Шығыс өнері бөлімінің меңгерушісі А.А.Ивановтан көмек сұраған едік.

Ғалым С.Ергөбеков пікірін қуаттай отырып, мәрдің айналасындағы қалған жазулардың мына төмендегідей болып оқылғанын хабарлады:

Мәр ортасында:

"Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи", айналасындағы жапырақшаларда, оңға қарай ретімен:

"Шайқы Ахмет Раванде,

Шайқы Ахмет Жами,

Шайқы Ахмет Маржан,

Шайқы Ахмет Кабир,

Шайқы Ахмет Аркам,

Шайқы Ахмет Саххак,

Шайқы Ахмет Харб,

Шайқы Ахмет... /толық оқылмайды/

Шайқы Ахмет Марсал"

Бұл мәр туралы "Жібек жолы" журналының 1991 жылғы №3/4/ наурыздағы санында жарияланған мақаламызда кең түрде әңгіме еткенбіз.

Негізінен бұл мәрді Шерімбет Өздер, не Нарымбет Өздер Арыстанбаб сағанасына көшіп келгенде өзімен бірге әкелген деп түсінеміз. Шерімбет пен Нарымбет Өздер Қожа Ахмет кесенесінен қолдарын біржолата үзбеген, сол жердегі зікір салуға қатысып, басшылық етіп тұрған.

Шерімбеттің шөбересі Мамасадық Нарымбетовтың қолында көздің қарашығындай сақталып келген екінші бір бұйым – 1911 жылы сызылған Арыстанбаб кесенесінің жобасы. Ол қалыңдау болып келген, көлемі 64х64 см. қағазға сызылған, оның бүктелген жерлері мүжіліп, ажырап кеткен. Қайта желімдегенде, оның

сызбалары дәлме-дәл түспей қалған. Қағаз басында мынадай жазу бар: "Проект существующей мечети в Тимуре Чимкентского уезда". Бұл айдар бізді шатыстырмауы керек. Себебі, Шәуілдір елді-мекен ретінде тек Кеңес өкіметі кезінде ғана құрылған. Ал Арыстанбаб кесенесіне бірден-бір жақын елді мекен Темір стансасы болған. Және де осы сызбаларда Арыстанбаб кесенесінің бейнеленгенін ажырату қиын емес. Сонымен қатар, "проект" сөзі де, яғни жоба делінгені бізді шатастырмауы тиіс, себебі онда "существующей", деп жазылғаны яғни сол кезде бар құрылыс екенін білдіреді. Және Арыстанбабтың 1909 жылы толық соғылып біткені жөнінде айнымас айғақтарды біз жоғарыда келтірген болатынбыз. Біздің пікірімізше, бұл – құрылыс салынып біткен соң Сырдария облыстық құрылыс бөлімінің оны ресми бекітуі болып табылады. Осылайша бірнеше мамандардың бекіткен жобасының бір көшірмесі Арыстанбаб шырақшыларының қолына тиген.

Бұл сызбаның бірінші суреті – кесененің жалпы жобасы – "план" деп аталған. Қабырханалардан тұратын екі бөлмелі сызбасының ішінде "существовавшая часть", яғни байырғы бөлігі, ал мешіт жағында "вновь выстроенная", яки жаңа соғылған бөлігі делінген. Сонымен қатар мұнда В.В.Константинованың 1948 жылғы сызбасынан өзгеше элементтер бар. 1911 жылғы сызбада мешіт тіреулері төртеу болса, ал В.В.Константинованың сызбасында алтау. Және алғашқы сызбада мінбар болса, ал кейінгісінде ол көрсетілмеген.

Шырақшылар қолындағы бұл құжат та Арыстанбаб кесенесінің тарихы жөнінде көп мағлұмат береді. Ескерткіштің 1909 жылы жөнделіп, қайта салынғаннан кейін барып, екі жыл өткен соң, осы сызбаның жасалуы – бұл құрылыстың жоғарыдағы орыс әкімшілігінің рұқса-

тынсыз істелінгеніне айғақ болса керек. Жаңа соғылған бөлігі заңдастырылсын деген сызбадағы жазу бұл болжамымызды растай түседі. Арыстанбаб кесенесінің 1911 жылғы сызбасының болуы Қазақстан жеріндегі басқа да ескерткіштердің осындай жобаларының архив қорларынан табылып қалуы ықтимал деген үмітті арттырады. Оңтүстіктегі ескерткіштердің сызбаларын осы құжатта көрсетілген "Строительный Отдел Сырдарьинского областного Правления" деген мекеме қағаздарынан іздеу керек.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Шерімбет Өздер мен оның баласы Нарымбеттің Өзірет Сұлтаннан Арыстанбабтың басына шырақшы болып келуі аса таңданарлық нәрсе емес. Бір әулиеден екінші бір әулиеге шырақшылардың орын ауыстыруы тарихта болып отырған. Мысалы, Айша бибі, Бабажа-хатын күмбездерінің басында отырған Тойшыбековтар әулеті алдымен Қарахан кесенесінде шырақшы болған екен. Кейін Әулиеатаны қоқандықтар жаулап алған соң, көшіп келген молдалардан қысым көріп, Айша бибіге шырақшы болып барады.

Ал Шерімбет Өздер әулетінің көшіп бару себебі әулие жерді қайта жандандыру еді. Бұл оңайға түспеген. Арыстанбаб мазарының айналасында елді мекен болмаған. Отырар қаласы жоңғар шапқыншылығынан кейін төбеге айналған. Темір стансасына дейін біршама қашықтық бар. Айнала тоғай...

Арыстанбаб кесенесіне жобарыс келгені жөнінде мынадай әңгіме бар:

"... Нарымбет Өздер күндегі дағдысы бойынша ерте тұрып, дәретін алып, пандат намазын оқуға әулиеге келсе, дәлізінде құбылаға қарай екі аяғын көсілтіп, басын аяғының үстіне қойып, ұзынынан түсіп, кесірткедей болып бір жолбарыс жатыр екен. Жүрек жұтқан

адам болса да мына жайға денесі шошымай қала қоймас, Өздердің де өн-бойы дір етіп, төбе шашы дуылдап жүре береді.


... Жанын жебеп, тәнін демейтін дұғаны іштен оқыса, ал екі көзі шеріде. Алайда ол еш жайсыз мінез көрсетер емес, тек бір табанын жалай береді. Не керек, дуалға сүйеніп жылжи-жылжи жыртқыштың тура қарсы алдына келіп, демін іштен алып, қозғалмай қалады. Жалап жатқан табанына қараса бір шөңге қадалған екен, қарайып тұр. Оның әулиеге келген сырын енді ұққандай болады. Жүрегін тоқтатып, оның табанындағы шөңгені қолымен жайлап қана суырып алады да, орнынан ілгері қарай жылжиды. Ал жыртқыш болса жаны байыз тапқандай шөңгенің орнын жалап жата береді. Жаны тәнінен бір шығып, бір кіріп жүріп, илалай мешіттің есігіне жеткен кезде артына қараса, шері де орнынан тұрып далаға беттеп бара жатыр екен. Өрең дегенде қауіп-қатерден құтылып, еркін демін алып, намазын өтеп, жайына қала береді. Сол жолбарыс қайтып оралмайды". /Ш.Шорабеков, "Арыстанбапта болған үш керемет", 1991 жыл, "Оңтүстік Қазақстан", 19 желтоқсан, №200-201/.

Қазан төңкерісінен кейінгі жағдай баршамызға мәлім. Дін иелері, қожа, молда, шырақшылар – бәрі де қудаланды. Қаншама тарихи кітаптар діни есебінде жойылды, жер астына көмілді. Өзірет Сұлтанның кітапханасы жоқ болды. Басқа да әулиелердегі кітапханалар осындай хал кешті. Қаншама әулие жерлер, мешіттер жермен-жексен етілді. Бұл науқан Арыстанбаб кесенесін де айналып өтпеді. Ол бір кезде абақхана да болды. Зияратшылар оның маңайына да жуытылмады. Нарымбет Өздер жер аударылды, мүлкі талан-таражға түсті. Оның баласы Бабахан қары ел паналап, Өзбекстанға кетті. Осы айдаудан Нарымбет Өздер 1933 жылы

оралады. Одан ертерек оралған Бабахан қары елге құрылыс салу өнерімен белгілі болған. Ол арнайы пеш-хұмдан соғып, қыш күйдірген. Осы күйдірілген қыштардан Шәуілдірдегі алғашқы ғимараттар тұғызуды қолға алады. Солардың бірі – қазіргі Жамбыл мектебі және қамкесектен базар айналасында тұрғызылған дүкендер мен ағаштан соғылған қазіргі әскери комиссариат. Бабахан қарыны жасы жетпістен асып қалған кезінде көрген О.Дастанов ол туралы: "Діни сауаты бар, өз ата-бабасының тарихын жақсы білетін діндар адам", – деп жазды.

Сонымен XIX-ғасырдың аяғы мен XX-ғасырдың басында Арыстанбаб кесенесінің басында болған шырақшылар әулетінің шежіресі мына төмендегідей:

Арыстанбаб кесенесіне деген жаңа көзқарас




қазақтың 1970-80 жылдардағы ұлттық сана-сезімінің өсуіне байланысты пайда болды. Бұл кезде Қазақстанда жаңа музейлер ашылып, тарихи жәдігерлерге қамқорлық жасала бастады. 1980 жылы Отырар өңірінің ескерткіштерін қору, зерттеу мақсатында Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі құрылды. Арыстанбаб кесенесі белгілі қайраткер, ғалым Ө.Жәнібековтің тікелей араласуымен күрделі жөндеуден өтті. Бұрын құлап қалған мешіт бөлігі қайта көтерілді. Оған көне ұстындар үлгісінде алты тіреу жасалып, қойылды. Отырар қорық-музейі Ө.Есжановтың басшылығымен ескерткіш астындағы су деңгейін төмендету үшін айнала дренаж қазу, су соратын насостар орналастыруына ұйытқы болды. Соңғы 4-5 жылда Арыстанбаб кесенесінің есігі зияратшыларға қайта ашылды. Оларға толық жағдай жасалған. Отырар музейінің ұжымы көне кесенені, Арыстанбабтың өмірі мен қызметін, оның ілімін зерттеп насихаттайтын орталық құру мақсатында біршама жұмыс атқарып келеді.


Соңғы кезде Арыстанбаб кесенесінің астындағы су деңгейі көтеріліп, ескерткішке едәуір зиян келтіруде. Жәдігер айналасындағы дренаждарды қайта тазарту керек. Көп қаражатты талап ететін осы жұмыстарға септігін тигізетін адамдар табылар деп сенеміз.

СУРЕТТЕР


Арыстанбаб кесенесі




Арыстанбаб кесенесі




34 Арыстанбаб кесенесі




5 Арыстанбаб кесенесі.




6. Арыстанбаб кесенесіндегі ХІҮ-ХҮ ғ. ұстында-ры.




7. Арыстанбаб кесенесіндегі ұста есімі жазылған ойық.





8 - 9. Шырақшылар қолындағы мәр.





13 - 14. Арыстанбаб кесенесінің 1911 жылғы сызбасы.



Арыстанбаб кесенесі

СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақ ССР тарихы. II том, Алматы, 1983, 114 б.
2. Қожа Ахмет Ясауи. Қырық хикмет. Түркістан. 1991, 33 б.
3. Ежелгі дәуір әдебиеті. Екінші кітап. Алматы, 1991, 125-126 б.
4. Ежелгі дәуір әдебиеті, 167 б.
5. Диваев А. Из области киргизских верований. Баксы как лекарь и колдун // Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. 3 вып. Т. ХУ. Казань, 1899, Отдельный оттиск, с. 4.
6. Батырлар жыры. Алпамыс. II том, Алматы, 1986, 195 б.
7. Залеман К.Г. Легенда про Хаким-ата // Известия императорской академии наук. 1898 сентябрь, Т. IX, №2, с. 126.
8. Семенов А. Мечеть Ходжи Ахмеда Есевийского в г. Туркестане // Известия Среднеазиатского комитета по делам музеев, охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. 1. Ташкент, 1926, с. 121.
9. Irene melikobb ahmed lesevi and Turkic popular Islam // Utrecht Papers on Central Asia / Utrecht Turkological series, №2/. Utrecht, 1987, p. 85.
10. Тримингэм Дж. Суфийские ордены в исламе. М., 1989, с. 54
11. Ежелгі дәуір әдебиеті, 131 б.
12. Нұрмұхамедов Н. Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі. Алматы, 1980, 7 б.
13. Ежелгі дәуір әдебиеті, 132 б.
14. Ежелгі дәуір әдебиеті,
15. Қожа Ахмет Ясауи. Қырық хикмет.

Түркістан, 1991, 9 б.

16. Сонда. Қырық хикмет, 25 б.
17. Сонда. Қырық хикмет, 26 б.
18. Фролова Е.А. Проблема веры и знания в арабской философии. М, 1983, с. 43: «Ибн Сина вслед за Учителем аль-Фараби-придерживался идеи разделения истинных взглядов и взглядов, предлагаемых публике».
19. Климович Л.И. Құран жайлы кітап. Алматы, 1990, 36 б.
20. Әмір Темір аманаты. Алматы, 1991, 87 б.
21. Қабуснама. Өзбек тілінен аударған және алғы сөзін жазған Т.Айнабеков. Алматы, 1992, 11 б.
22. Ежелгі дәуір әдебиеті, 132 б.
23. Абрамзон С.М. Предметы культа казахов, киргизов и каракалпаков // Материальная культура и хозяйство народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана Л., 1978, с. 53-54.
24. Батырлар жыры. Алпамыс. II том, Алматы, 1986, 195 б.
25. Пославский И.Т. Развалины города Отрара // Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год III. Ташкент. 1898, с. 237.
26. Черкасов А. Поездка на развалины Отрара // Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год VIII. Ташкент. 1903, с. 72.
27. Константинова В.В. Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р. Сырдарьи / Известия АН Каз. ССР. Серия архитектурная, вып. 2, 1950, с. 37-41.
28. Воронина В.Л. Колонны из Отрара // Древности Казахстана. Алма-Ата, 1975, с. 70-76.

29. Сембин М. Арыстанбаб // Білім және еңбек. 1987, №2, 42 б.

30. Елгин Ю. Арыстанбаба кумбез // Казахская ССР. Краткая энциклопедия. т.4. Алма-Ата, 1991, с. 130.

31. Қожаев М. Арыстанбаб. Алматы, 1992; Ходжаев М. Новые материалы о мемориальном комплексе Арыстанбаба // Валихановские чтения. Кокшетау, 1992, с. 123-125.

32. Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. Ташкент. 1930, с.21.

33. Осы деректен бізді хабардар еткізген З.Жандарбековке алғысымды айтамын.

34. Сартқожаұлы Қ. Тас белгілер тіл катады // Білім және еңбек, 1984, №2, 19 б.

35. Пугаченкова Г.А. О резных деревянных колоннах XIV-XV вв. г. Туркестане. // Известия АН Каз ССР. Серия архитектурная. Вып.1. 1948, с.53.

36. Сембин М. Арыстанбаб, 42 б.

37. Шарипов С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Алматы, 1982, 296-297 б.

38. Кларе А. Древний Отрар и раскопки, произведенные в развалинах его в 1904 году // Протоколы заседания и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. год. IX. Ташкент, 1904, с.29.

39. Шорабеков Ш. Арыстанбабта болған үш керемет // Оңтүстік Қазақстан, 1991, 19 желтоқсан, №200-201.

40. Дастанов О. Әулиелі жерлер туралы шындық. Алматы, 1967, 71 б.

41. Гордлевский В.А. Избранные сочинения т.III. М. 1962, с.365.

«Жібек жолы» баспасынан жарық көрген кітаптар

Жолдас Ақбердиев. Осы сіз кімсіз? Сықақтар. Жаулықпен жалғыздық. Олеңдер. Мархабат Байғұтов. Дауыстың түсі. Әңгімелер. Шойбек Орынбаев. Қара азбанның қателігі. Дедектив. Шойбек Орынбаев. Сана. Шапағат пен Мейірім. Ертегі-

лер.

Әкімдер қандай болуы керек? Анықтамалық. Жеті жарғы. Майлықржа Сұлтанқржаұлы. Әбілда бала. Дастан. Әбілда Аймақ. Ләйла. Олеңдер. Жұмамұрат Тұяқбаев. Күйреу. Хикаяттар. Борис Хайкин. Избранные неизданного. Стихи. Ханбиби Есенқараева. Жан айқайы. Олеңдер. Гүлзина Палымбеттегі. Сағыныш. Олеңдер. Нармахан Бегалиев. Олеңдер, аудармалар. Алия Кулымбетова. Стиль казахского рассказа и повести. Әлібек Файзуллаев. Бақыт туралы сөз. Хикаят. Сәрсенбек Сахабат. Ұркер таққа тоғайды. Олеңдер. Сәрсенбек Сахабат. Сені ойға алдым. Олеңдер. Журьат. Имонимдон оирма. Шьерлер. Нәмет Сүлейменов. Сырлы перне. Олеңдер. Әбдінағым Көшерев. Бірі кем дүние. Уыт-сын хикаят. Асантай Әлімов. Зұлымдық. Олеңдер. Әкім Ысқақов. Бір физиктің махаббаты. Сықақтар. Қазығұрт менің елім-ай. Сәбит Жолдасов. Шаян-шежірелі өңір. Наурыз бата-тілектері. Балдырған бата-тілектері. Владимир Творогов. Вербохлест. Стихи. Әдіхам Шілтерханов. Аталы сөздер. Әкім Ысқақов. Үш жүздің басын қосқан Ордабасым. Серік Жанәбілов. Ол ертең атылады. Хикаят. Асқар Байтөшев. Тілімнің уы бар. Сықақтар. Сарманбақ Исақ. Үрей жайлаған дала. Фантастика. Иса Омарұлы. Ақ жаңбыр. Әңгімелер. Ахмет Бектаев. Франция аспаны астында. Дулат Тұрантегі. Көкейтесті. Олеңдер. Әнші балапан. Әндер. Шырақбай Байғоносов. Қызыққа тоймас адамзат.

*Ширек ғасыр — шежіре. Шардара ауданы.
Емтихан тапсырудың тәстiк жүйесi.
Әмiрсейiт Әшев. Көргенiмдi айтайын.
Қазақтiлiн орыс топтарында оқыту.
Сәрсенбек Сахабат. Сөз мүсiнi. Әдеби зерттеу.
Хавазмат Қоңғаров. Хосоғұлның хотини.
Жалпытехникалық терминдердiң орысша-қазақша сөздiгi.*

Ұжымдық жинақ.

*Таңдамалы өсиет термелер.
Сәбит Жолдасов. Бiрлiктiң басы болған Ордабасы.
Әбдiрашип Жансейiтов. Ордабасы.
Қабылбек Төребаев. Бас-басына би болғаннан сақтасын.
Әлiбек Файзуллаев. Икки олма.
Түс жору түрлерi.
Үсен Шойбеков. Қазақтар. Әңгiмелер.
Қуан Ақордаұлы. Қанаты күйген қызғыш құс.
Фазыл Үркiмбаев. Мен — қазақтың, қазақтың.
Нәмет Сүлейменов. Өткiрдiң жүзi. Әдеби сын.
Асанхан Пiрiмжаров. Жаман атқа жал бiтсе. Сықақтар.
Иса Омарұлы. Арғы жағы, мұхиттың, бергi жағы. Жол-жазба.*

**«Жібек жолы»
баспасынан жарық
көретін кітаптар**

*Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. Аударма.
Түркістанда – Құл Қожа Ахмет. Өлеңдер жинағы.
Түркістан – Ер Түріктің бесігі ғой. Өлеңдер жинағы.
Қаныбек Сарыбаев. Қазақия. Өлеңдер.
Құлбек Ергөбеков. Шыңғыс шыңы. Эссе.
Мырзакелді Кемелов. Өзімді іздеп жүрмін.
Төрекелді Байтасов. Апасы мен баласы. Хикаят.
Алма Смағұлова. Сарыарқа сырлары. Новелла-лар.*

Мұхтар ҚОЖАЕВ

Арыстанбаб және оның кесенесі

* * *

Ғылыми редакторы Гүлжанат Байсариева.
Техникалық редакторы Төрекелді Байтасов.
Корректоры Төлеген Адамов.

* * *

Теруге берілген уақыты 10. VII.96

Басылған уақыты 1. VIII.96

Көлемі 60x90

Қағазы газеттік

Басылымы офсеттік

Есепті баспа табағы – 3

Таралымы – 5000

Тапсырыс – № 606

Бағасы келісім бойынша

* * *